

5 қыркүйек 2025 жылы Қазақстан халықтарының тілдер мерекесіне орай гимназия қабырғасында 9-11 сынып оқушылары мен мектеп парламенті мүшелерінің бастамасымен ерекше мазмұндағы әдеби кеш ұйымдастырылды.

Шараның негізгі мақсаты — өскелең ұрпаққа мемлекеттік тілді құрметтеумен қатар, елімізде өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдерінің де тілдеріне деген сыйластықты қалыптастыру, тіл арқылы халықтың рухани байлығын насихаттау болды.

Кеш барысында оқушылар жүректерінен шыққан сырлы өлеңдерін тебірене оқып, ана тіліміздің көркемдігін, маңызын және құндылығын барынша ашып көрсетті. Сонымен қатар, үш тілде — қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сұрақ-жауап сайысы ұйымдастырылып, оқушылардың жан-жақты білімдері мен тілдік сауаттылығы сынға түсті. Әдеби шара аясында қатысушылар мақал-мәтелдер айтып, олардың мағынасын талдап, тілдің тереңіне бойлай білді.

Мерекелік кеш — тек өнер мен білім сайысы ғана емес, сонымен қатар, тілге деген құрметті арттырып, жастарды отансүйгіштікке, ұлттар арасындағы бірлік пен татулықты бағалауға тәрбиелейтін тағылымды іс-шара болды. Осындай мәні терең, мазмұны бай шаралар арқылы жас ұрпақтың рухани дүниесі кеңейіп, тілге, әдебиетке, мәдениетке деген сүйіспеншілігі арта түсті.





8 қыркүйек 2025 жылы Қазақстан халқы тілдері күніне орай ЭБГ-де мектеп оқушылары мен ұстаздар арасында «Мақал-мәтелдің жалғасын тап» атты танымдық челлендж ұйымдастырылды.

Бұл ерекше іс-шараның басты мақсаты — мемлекеттік тілді насихаттау, оқушылардың тіл байлығын арттыру, олардың сөздік қорын молайту, ой-өрісін кеңейту, сонымен қатар халық ауыз әдебиетінің асыл мұраларына деген қызығушылығын ояту болды.

Челлендж барысында қатысушыларға қазақтың түрлі тақырыптағы мақал-мәтелдерінің алғашқы жолдары ұсынылып, олар берілген ойды толықтырып, жалғастырып айтуы тиіс болды. Бұл тапсырма оқушылар мен ұстаздардың ойлау қабілеттерін, тапқырлықтарын, тілдік икемділіктерін, сондай-ақ қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер мен ауызекі сөздердің мән-мағынасын қаншалықты терең білетіндігін анық көрсетті.

Шараға мектептің әртүрлі сыныптарынан белсенді оқушылар мен ұстаздар қатысып, бір-бірімен достық әрі шығармашылық атмосферада жарысты. Қатысушылар өздерінің тілге деген сүйіспеншілігін, ана тіліне деген құрметін, ұлттық құндылықтарды бағалай білетінін көрсетті.



11 қыркүйек 2025 жылы ұлы ойшыл, ақын, ағартушы Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай мектеп парламенті мүшелерінің ұйымдастыруымен "Абай – Ұлы Даланың ұлы ойшылы" атты интеллектуалдық Quiz өткізілді. Бұл танымдық шараға 5-6 және 7-8 сынып оқушылары белсенді қатысып, өз білімдерін ортаға салды.


Интеллектуалдық сайыстың мақсаты – оқушылардың ұлы Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы білімдерін тереңдету, оның даналық сөздері мен философиялық ойларын дәріптеу, жастардың рухани дамуына ықпал ету және ойлау, талдау қабілеттерін арттыру болды.

Quiz бірнеше кезеңнен тұрды. Әр кезеңде оқушылар Абайдың өмірбаяны, шығармалары, қара сөздері, өлеңдері және оның ұрпаққа қалдырған өнегелі мұрасы туралы түрлі сұрақтарға жауап берді. Сонымен қатар, Абайдың қанатты сөздерін жалғастыру, мағынасын түсіндіру, шығармаларынан үзінділерді талдау сияқты тапсырмалар да берілді. Бұл оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетімен, логикалық пайымдауларымен ерекшеленуіне мүмкіндік берді.

Сайыс соңында үздік нәтиже көрсеткен топтар мен белсенді оқушылар арнайы марапаттарға ие болды. Оларға дипломдар мен алғыс хаттар табысталып, құрмет көрсетілді.

Осындай танымдық іс-шаралар өскелең ұрпақтың ұлттық құндылықтарды тануына, әдебиетке деген сүйіспеншілігін арттыруға, тарихи тұлғаларды тереңірек танып-білуіне үлкен септігін тигізеді. Бұл Quiz оқушылардың білімге деген ынтасын арттырып, Абай Құнанбайұлының мәңгілік мұрасын қадірлеп, құрметтеуге баулыған тағылымды бастама болды.





19 қыркүйек 2025 жылы Қазақстан Республикасындағы балалардың құқықтарын қорғау және олардың әл-ауқатын қамтамасыз ету жүйесін ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-құқықтық сүйемелдеу аясында Эстетикалық бағыттағы гимназияда маңызды тәрбиелік іс-шара — «Менің мектебім буллингке қарсы» атты флешмоб өтті.

Шараны мектеп Парламенті мен 5 «Г» сынып оқушылары бірлесіп ұйымдастырды. Бұл бастама – қазіргі қоғамда өзекті мәселелердің бірі болып отырған буллинктің алдын алу және оған қарсы мәдениетті қалыптастыру жолындағы маңызды қадам болды.

Іс-шараның басты мақсаты – оқушылар мен педагогтер арасында антибуллингтік сана мен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, достық пен өзара құрметке негізделген мектеп ортасын нығайту. Сонымен қатар, әлеуметтік мәні зор бұл бастама арқылы мектеп қауымдастығы ішінде бірлік пен өзара қолдауды дамыту көзделді.

Флешмоб барысында оқушылар арнайы әзірленген ұрандармен, плакаттармен, символикалық белгілермен мектеп ауласында белсенділік танытып, бір мезетте бейбіт әрі ұйымшыл әрекеттер көрсетті. Қатысушылар достықты, төзімділікті, өзгелерге құрметпен қарауды насихаттайтын сөздер айтып, «Буллингке жол жоқ!», «Қауіпсіз мектеп – ортақ міндет!» сынды үндеулермен өз ұстанымдарын білдірді.

«Менің мектебім буллингке қарсы» флешмобы — балалардың құқықтарын қорғау саласындағы саналы көзқарастың, бірлік пен серіктестіктің жарқын үлгісіне айналды.



29 қыркүйек 2025 жылы Эстетикалық бағыттағы гимназияда Ұстаздар күніне орай ерекше көңіл күй сыйлаған жанды дәліз ұйымдастырылды. Бұл күні мектепке кіре берген ұстаздарды оқушылар құрметпен, көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алды.

Таңертеңнен бастап мектептің кіреберісі ерекше безендіріліп, әсем музыкамен көмкерілді. Оқушылар шын жүректен жылы тілектер айтып, ұстаздарға тәттілер ұсынып, мерекелік көңіл күй сыйлады. Ең әсерлі сәттерінің бірі — гитарамен орындалған ұстаз туралы ән болды. Әуезді ән әуені мен оқушылардың шынайы ықыласы ұстаздардың жүрегін тебіrentіп, олар үшін бұл күннің маңыздылығын айқындай түсті.

Бұл — бір сәттік салтанат емес, ұстаз еңбегіне деген терең ризашылықтың, шәкірт жүрегіндегі шексіз құрметтің көрінісі болды.

Осылайша, ұстаздар қауымы өздеріне арналған мерекелік күнді шат көңілмен, ерекше ықыласпен бастады.





29 қыркүйек 2025 жылы Эстетикалық бағыттағы гимназияда Ұстаздар күніне орай мектеп парламентінің бастамасымен ерекше форматтағы бейнебаян түсірілді.

Бұл жүрекке жылы тиетін бейнебаянда оқушылар өздеріне үлгі болып, бағыт-бағдар беріп жүрген сүйікті ұстаздарына телефон арқылы хабарласып, алғыс пен құрметке толы тілектерін жеткізді. Әрбір қоңыраудың ар жағында — шәкірттің жүрегінен шыққан ақ тілек, алғыспен өрілген шынайы ықылас жатты. Оқушылар ұстаздарына деген махаббатын, ризашылығын, рухани байланысын ерекше ықыласпен білдірді.

Ұстаз — тек білім мен ғылымның шамшырағы ғана емес, әр сәтте қолдау көрсететін, жол сілтейтін, үміт ұялататын рухани жетекші. Бұл бейнебаян ұстаз бен шәкірт арасындағы ерекше байланысты, сыйластық пен жан жылуын тереңінен көрсете алды.

Мақсаты — шәкірттердің жүрегіндегі алғысты сөзбен ғана емес, нақты әрекет арқылы жеткізуіне мүмкіндік жасау. Бұл бастама арқылы ұстаз еңбегіне деген құрмет артып, оқушылар бойындағы адамгершілік, мейірім, үлкенге деген ілтипат секілді асыл қасиеттер көрініс тапты.

«Ұстаз – ұлттың шамшырағы» десек, әрқайсымыздың өміріміздегі жетістігіміздің артында ұлағатты ұстаз тұрғаны анық. Сол себепті де, ұстаздарымызға деген құрмет — біздің мәңгілік борышымыз.




30 қыркүйек 2025 жылы Эстетикалық бағыттағы гимназияда Ұстаздар күніне арналған ерекше мазмұндағы әдеби-сазды кеш — «Бұл өлең ұстазыма арналады...» атты поэзиялық шара өтті.

Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен өткен бұл тағылымды кеш ұстаз еңбегін дәріптеп, шәкірт жүрегіндегі алғыс пен махаббатты өлең жолдары арқылы жеткізуге бағытталды.

Поэзиялық кеш барысында шәкірттер өздері жазған жүрекжарды жырларын оқып, ұстаздарына деген мәңгілік құрметі мен шынайы алғысын көркем сөзбен өрнектеді. Әр шумақтан бала жүрегінің тазалығы, әр тармақтан ұстазға деген риясыз махаббат пен ілтипат сезілді. Өлеңдерде ұстаздың даналығы, мейірімі, төзімі мен рухани қолдауы терең сипатталып, көрермендерге ерекше әсер сыйлады.

Кеш шынайы шығармашылық атмосферада өтті. Әдебиет пен өнердің ұштасқан сәтінде оқушылар өз бойындағы таланттарын ашып, сөз өнері арқылы ұстаздарына жүрек түбінен шыққан алғыстарын жеткізе білді. Мұндай поэзиялық кештер шәкірт пен ұстаз арасындағы рухани байланысты нығайтып, олардың арасындағы өзара сыйластық пен сенімді одан әрі тереңдете түсетіні сөзсіз.

Шара соңында ұстаздар тарапынан алғыс білдіріліп, оқушылардың өлеңдері мен жылы лебіздері ұзақ уақыт есте қалатын рухани сыйға айналды. Бұл кеш ұстаздар үшін тек мерекелік шара ғана емес, оларды шабыттандыратын, еңбегінің жемісін сезінуге мүмкіндік беретін әсерлі сәт болды.







1 қазан 2025 жылы Эстетикалық бағыттағы гимназияда Ұстаздар күніне орай мектеп парламенті мен оның жетекшісі Альбина Русланқызының бастамасымен ерекше бейнебаян жарыққа шықты.

Бұл бейнебаян – жай ғана құттықтау емес, ұстазға деген ыстық ықылас пен шексіз алғыстың жүрекке жетер көркем туындысы болды. Әрбір кадры — ұстаз еңбегіне деген құрметтің айғағы. Бейнебаян барысында ұстаз бен шәкірт арасындағы көзге көрінбейтін, бірақ жүрекпен сезілетін рухани байланыс нәзік бейнеленіп, көрерменге терең ой мен ерекше әсер қалдырды.

Ұстаздың ұлылығы мен адами болмысы ашыла түсіп, әрбір көрініс ұстаз тұлғасының маңызын, оның сабырын, мейірімін, шапағатын тереңінен сипаттады. Сырлы әуен мен бейненің үйлесімі қарапайым сәттерді әсерлі етіп жеткізіп, ұстаз бейнесін шабыт пен мейірімнің символына айналдырды.

Бұл бейнебаян – бір сәттік мерекелік сый ғана емес, келешек ұрпақтың мәңгілік ризашылығын білдірген рухани аманат. Ол ұстаз еңбегінің ешуақытта ұмытылмайтынын, әр шәкірт жүрегінде өшпес із қалдыратынын дәлелдей отырып, ұстазды биікке көтерді.





10 қазан 2025 жылы Эстетикалық бағыттағы гимназияда мектеп парламенті мен 7 «Ә» және 7 «В» сынып оқушыларының қатысуымен Ұлы Отан соғысының даңқты батыры Бауыржан Момышұлының 115 жылдығына арналған «Бауыржан Момышұлы – ел ерлігі мен ұлт намысының символы» атты танымдық сабақ өткізілді.

Шараның негізгі мақсаты — қазақ халқының батыр ұлының ерлікке толы өмір жолын дәріптеу, ұлттық рухты көтеру, жас ұрпақ бойында отансүйгіштік сезімді қалыптастыру және елге, жерге деген махаббаттың маңызын ұғындыру болды.

Танымдық сабақ барысында оқушылар Бауыржан Момышұлының өмірі, әскери қызметі, қайсар мінезі мен ұлтжандылығы жайлы деректермен танысып, оның тұлғалық келбетіне терең бойлады. Ерлік пен намыс, батырлық пен әділдік туралы тағылымды ойлар айтылып, оқушылар өз пікірлерімен, әсерлерімен бөлісті.

Сабақ аясында оқушылар тек батырдың өмірі туралы мәлімет алып қана қоймай, оның сөздерінен, естеліктерінен өмірлік ұстанымдар түйіп, рухани тәрбие алды. Батырдың «Тәртіпке бағынған – құл болмайды» деген ұлағатты сөзі мен ел қорғаудағы қаһармандығы бүгінгі жас ұрпаққа үлгі ретінде ұсынылды.



16 қазан 2025 жылы мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Киберқауіпсіздік өзіңнен басталады» атты бейнебаян түсірілді.

Бұл бейнебаян қазіргі таңда жасөспірімдер жиі ұшырасатын интернет кеңістігіндегі қауіп-қатерлерді — фишинг, алаяқтық қоңыраулар, белгісіз және күмәнді сілтемелер арқылы жасалатын кибер шабуылдарды сахналық көріністер арқылы көрсете отырып, көрерменге терең ой салды.

Жобаның мақсаты — оқушылардың киберқауіпсіздік туралы түсінігін кеңейту, цифрлық ортада өзін-өзі қорғай білуге үйрету және интернеттегі жеке деректердің құпиялылығы мен қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауды насихаттау.

Бейнебаянда оқушылар нақты өмірдегі онлайн қауіп-қатерлерді көріністер арқылы бейнелеп, әрбір жағдайдан шығудың дұрыс жолдарын ұсынды. Олар бейтаныс адамдармен байланыс орнату кезінде абай болу, күмәнді сілтемелерді ашпау және жеке мәліметтерді бөгде адамдарға бермеу секілді негізгі қағидаларды көрерменге қарапайым әрі түсінікті түрде жеткізді.

Бұл жоба — цифрлық сауаттылықты арттыру бағытында маңызды үндеу: «Цифрлық әлемде сақ бол, себебі қауіпсіздік – өзіңнен басталады!»

Бейнебаян оқушылардың медиасауаттылығын арттырып қана қоймай, ақпараттық мәдениетті дамытуға, заманауи технологиялармен қауіпсіз жұмыс істеуді меңгеруге бағытталған маңызды бастама болды.




16 қазан 2025 жылы мектеп парламентінің ұйымдастыруымен оқушылар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында әлеуметтік бағыттағы бейнебаян түсірілді.

Бейнебаянның негізгі мақсаты — жас ұрпақ арасында адалдық, әділдік, жауапкершілік сияқты адамгершілік құндылықтарды насихаттау, оқушылардың құқықтық сауатын арттыру және парасатты қоғам құруға өз үлесін қосуға тәрбиелеу болды.

Бейнебаянда оқушылар шынайы өмірде кездесетін жемқорлық көріністерін сахналық қойылым арқылы бейнелеп, оның қоғамға, тұлға дамуына және жалпы өмір сапасына тигізетін кері әсерін нақты мысалдар арқылы көрсетті. Әрбір сахна көрерменге ой салып, әділетсіздіктің зардабы мен оның салдарынан болатын сенімсіздік, тәртіпсіздік, адам құқықтарының бұзылуы сияқты маңызды мәселелерге назар аудартты.

Жоба оқушылардың азаматтық көзқарасын қалыптастыруға, парасатты ұстаныммен өмір сүруге, әділ жолмен жетістікке жетудің маңызын түсіндіруге бағытталды. Сонымен қатар, бұл бастама жас ұрпақты қоғамдағы өз орнын жауапкершілікпен сезініп, адалдықты басты құндылық ретінде ұстануға үндейді.

Мұндай тәрбиелік маңызы зор жобалар мектеп оқушыларының бойында құқықтық мәдениет пен қоғам алдындағы азаматтық жауапкершілікті қалыптастырып, жемқорлықсыз болашаққа бірге қадам басуға шақырады.



**ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМНЫҢ
ДАМУЫНА
ҮЛКЕН КЕДЕРГІ. ОЛ ТЕК ЖЕКЕ
АДАМҒА ЕМЕС,
ТҰТАС ЕЛГЕ ЗИЯНЫН ТИГІЗЕДІ.
ЖЕМҚОРЛЫҚ – ӘДІЛДІКТІҢ
ЖАУЫ!**

